

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**Созақ ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару,
аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске
асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін
пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу**

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2022 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Созақ ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу»

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.
- 3) Бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігі;

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

- 1) "Созақ ауданық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 2) "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 3) "Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 4) "Созақ ауданының Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 5) "Созақ ауданының "Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 6) "Созақ ауданының "Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 7) "Созақ ауданының "Сызған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 8) "Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 9) "Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 10) "Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 11) "Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 12) "Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 13) "Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 14) "Созақ ауданының Қыземшек кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
- 15) Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
- 16) "Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
- 17) тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
- 18) Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
- 19) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
- 20) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
- 21) "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
- 22) "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
- 23) "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
- 24) "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
- 25) "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы

бөлімі" мемлекеттік мекемесі, 26) Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі бөлімінің "Мыңжылқы" мәдениет сарайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (үстеме).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең: 01.01.2020 жыл – 30.04.2022 жыл.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Созақ ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 18.05.2022 жыл - 24.06.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 26 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 21 мемлекеттік мекеме, 4 коммуналдық мемлекеттік мекеме, үстеме тексеру 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жүргізілді.

Созақ ауданы 1928 жылы құрылған. Аудан жерінің көпшілік бөлігін тасты-құмды шөлді жазық (Бетпақдала, Мойынқұм) алып жатыр. Оңтүстік және оңтүстік-батысын ала Қаратау жотасы орналасқан. Солтүстік-батысында Ащыкөл ойысы, Тамғалы соры, орталық бөлігінде Тамғалынұра қонысы, шығысында Сүмбешетарал қонысы мен сор жерлер орналасқан.

Аудан аумағы 41 мың 49 шаршы шақырым немесе облыс территориясының 35,0% қамтиды. Аудан климаты тез құбылмалы аймақта орналасқан. Егін шаруашылығын және мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы мүмкіндік жасалған. Ауданның табиғи байлығы шикізат ресурстарына бай. Яғни бұл жерлерде уран, көмір, гранит, мрамор, құнарлы топырақ және т.б табиғи ресурс көздері бар.

Созақ ауданы шектеседі:

Созақ ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік аумағында орналасқан және территориялық аймақ бойынша 3 облыс, 2 ауданмен шектеседі. Шекарасының жалпы ұзындығы 1255 шақырымнан астам, оның барлығы құрлық арқылы өтеді. Солтүстігінде Қарағанды облысымен 95 шақырым, Оңтүстігінде Бәйдібек және Түркістан аудандарымен 220 шақырым, ал батысында Қызылорда облысымен 365 шақырым, шығысында Жамбыл облысымен шектеседі.

2021 жылдың 1 қаңтарына бастап аудан халқының саны 62,7 мың адамды құрайды немесе облыстың тұрғындарының 3,1% құрайды.

Соның ішінде еңбекке жарамды халық 26 854 адам.

Ауданда әр түрлі ұлт өкілдері тұрады.

Аудан құрамына 10 (Шолаққорған, Құмкент, Жартытөбе, Сызған, Созақ, Қаратау, Қарақұр, Жуантөбе, Тасты, Шу) ауылдық округтер мен 2 (Таукент, Қыземшек) кентке 35 елді мекен кіреді.

Аудан орталығы - Шолаққорған ауылы.

Аудан экономикасының басым бағыттарының бірі бұл ауыл шаруашылығы. Ылғалды көктем тәлімі жерлерге оң әсер етіп, ыстық жаз жылуды жақсы көретін өнімдерді өндіруге көмектеседі. Бұл саланың құрылымында үлкен үлес салмақты мал шаруашылығынан кейін өсімдік шаруашылығы орын алып, маңызды өнім түрлерін көкөніс, жеміс-жидектер және дәнді-дақылдар құрайды. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы жаңа технологиялар базасында жақсы дамып келе жатыр.

Өнеркәсіп өңір экономикасының дамуын анықтайтын басты сала болып табылады. Еңбектің аумақтық үйлестіруінде аудан ауылшаруашылық өнімдері өндірісі мен қайта өндірісіне, құрылыс материалдарын шығару өндірісіне, ауыл шаруашылық машиналарын және оларға қажетті қосалқы бөлшектер жасау өндірісіне мамандандырылады.

Өңірдің нақты экономикалық секторының бәсекелестігін арттыру дамытудың бірінші басымдылықтары қатарында тұрып, өнеркәсіптің салаларын тұрақты дамуына қол жеткізуге, халықаралық стандарттарға өтуге, жаңа технологияларды өндіруге және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған шаралар кешенін іске асыруды көздейді.

Аудандағы аумақтық өнім 2020 жылы 318,1 млрд теңге болса, 2021 жылы 453,8 млрд теңгені құрап, 135,6 млрд теңгеге немесе 1,5 есеге артқан. Өндірілген өнім көлемі жан басына шаққанда 2020 жылы 5 066,6 мың теңгеден 2021 жылы 7 144,2 мың теңгеге жетіп 1,5 есе өскен.

2020 жылғы 1 қаңтарға аудан халқының саны 62 777 адамды құраса, 2021 жылдың 1 қаңтарына 63 523 адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда халық саны 746 адамға немесе 101,2% көбейген.

2021 жылы аудан кәсіпорындарымен 419 677,4 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген, 2020 жылмен салыстырғанда 133 098 млн.теңгеге артқан немесе 146% өскен, нақты көлем индексі 106,3%-ды құрайды.

Ауданның ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2020 жылы 14,4 млрд. теңгені құрады. Ал аудан бойынша шаруашылық өнімдерінің (көрсетілген қызметтерінің) нақты көлем индексі – 103,1 % құрайды.

Аудан шаруашылығында 2020 жылы 36 300 бас мүйізді ірі қара мал, қой мен ешкі – 254 300, жылқы – 22 600, түйе-13 700, құс - 32 100 басты құрайды.

Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін талдау:

Жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі — ЖӨӨ) құрылымы

Көрсеткіштер	2020 жыл			2021 жыл		
	млн.теңге	ЖӨӨ үлесі, %	2019ж НКИ	млн.теңге	ЖӨӨ үлесі, %	2020ж НКИ
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	286 579,77	90,08	99,2	419 677,40	92,48	103

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы	14 414,50	4,53	106,6	17 637,60	3,89	86
Құрылыс жұмыстарының көлемі	13 213,70	4,16	113,0	12 252,40	2,70	65
Бөлшек сауда айналымы	3 367,00	1,06	105,0	3 690,10	0,81	77
Созақ ауданы бойынша жиыны	318 129,3	100	101,5	453 824,1	100	143
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	39 862,2	78,5	77,8	52 844,6	96,7	133

Кестеден көрініп тұрғандай, Созақ ауданы экономикасының негізгі бағыты өнеркәсіп саласы болып табылады. (ЖӨӨ жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2020 жылы 90,08%, 2021 жылы 92,48%). Бұл ретте 2021 жылы өнеркәсіптің ЖӨӨ үлесі 2020 жылмен салыстырғанда 103 пайызға өскені байқалады.

Түркістан облысының өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі Созақ ауданының үлес салмағы 2020 жылы 53,3% құрайды.

Өнеркәсіп өндірісі өнімінің жалпы көлемінен кен өндіру басым рөл атқарады (2020 жылы нақты көлем индексі 87,7% , өнім көлемі 212 929,9 млн. теңге, 2021 жылы нақты көлем индексі 105,9%, өнім көлемі 329 366,9 млн. теңге), өңдеу өнеркәсібі өнімі (2020 жылы нақты көлем индексі 90,6%, өнім көлемі 69 537,8 млн. теңге), 2021 жылы нақты көлем индексі 101,6%, өнім көлемі 85 032,4 млн. теңге.

2021 жылы ауданның негізгі капиталына инвестициялар көлемі 52 844,6млн. теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 12 982 млн. теңгеге артық.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Осы аудиторлық іс-шарамен жалпы 12 056 277,4 мың теңге (республикалық бюджет қаражаты 3 314 230,0 мың теңге) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 4 167 368,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 1 020 524,0 мың теңге), 2021 жыл кезеңі бойынша 5 861 999,4 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 1 093 520,0 мың теңге), 2021 жылдың 4-айы тексеру кезеңіне 2 026 910,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 1 200 186,0 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 26 объектінің ішінде 25-де қаржылық бұзушылықтар, 21 объектіде 43 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **644 427,7 мың теңгені** құрады. Оның ішінде, **қаржылық бұзушылықтар сомасы 644 406,7 мың теңге:**

-Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **641,9 мың теңге;**

-Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **643 764,8 мың теңге;**

-Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **21,0 мың теңге.**

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **644 406,7 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 643 764,8 мың теңге, өтелуге жататыны 641,9 мың теңге.

Жалпы барлығы **643 906,7 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген, оның ішінде:

-аудиторлық іс-шара барысында 643 793,2 мың теңге, (*қалпына келтірілген қаржы 643 264,8 мың теңге, өтелгені 528,4 мың теңге*),

-аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 113,5 мың теңге (*өтелгені 113,5мың теңге*).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 43 бірлік бұзушылық фактілері 21 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 13 мекемеде 641,9 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

1. Айлық жалақыны, сауықтыру жәрдемақысын дұрыс есептемеу және сыйақыны негізсіз төлеу барысында **8 мекемеде 277,1 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

- Созақ аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 26,8 мың теңге;

- Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 17,7 мың теңге;

- Созақ ауданының Шу ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 73,1 мың теңге;

- Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 23,7 мың теңге;

- Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 22,9 мың теңге;

- Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 40,4 мың теңге;

- Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 29,6 мың теңге;

- Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 42,9 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 103 бабы 1 тармағының талаптары; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 54 бабының 1 тармағының, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N1468-XII Заңының 13 бабы 1 тармағының 4) тармақшысының талаптары; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 76 бабы 1 тармағының, 110 бабының талаптары; «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5 тармағы 1)-тармақшасының талаптары сақталмаған.

2. Қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 6 мекемеде 364,8 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. Оның ішінде:

- Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 36,7 мың теңге;
- Созақ ауданы Созақ ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 31,8 мың теңге;
- Созақ ауданы Таукент кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 32,1 мың теңге;
- Созақ ауданы әкімдігінің «мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 147,0 мың теңге;
- Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 67,4 мың теңге.
- Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 49,8 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 3-тармағы, 1), 2) тармақшаларының, 4 тармағының 2 тармақшасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» №393-ші бұйрығымен бекітілген қағидаларының 25 тармағының 2 тармақшасының талаптары сақталмаған.

II. 12 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 643 764,8 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 500,0 мың теңге;
- Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 11 077,9 мың теңге;
- Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 7 802,0 мың теңге;
- Созақ ауданының Құмкент ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 35 419,8 мың теңге;
- Созақ ауданының Сызған ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 4 200,0 мың теңге;
- Созақ ауданы Қыземшек кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 5 628,0 мың теңге;
- Созақ ауданының «Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 591,7 мың теңге;
- Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 51,0 мың теңге;
- Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 31,9 мың теңге;
- Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 415,0 мың теңге.

- «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 286 491,1 мың теңге;

- Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 290 556,4 мың теңге;

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 4, 5, 19, 25 –тармағының 2 тармақшасының, 33, 34, 236, 240, 243, 245, 247, 250, тармақтарыны және 8,9 тауарлардың;

ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 24, 27 тармағының талаптары сақталмаған.

III. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 21,0 мың теңгені құраған.

- Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша-21,0 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4 бабы 12 тармақшасының талаптары сақталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 43 бірлік бұзушылық фактілері 21 объектіде орын алған. Оның ішінде:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 14 бірлік 9 мекемеде анықталған:

-Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданының Құмкент ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданының Сызған ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданының Қыземшек ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Созақ ауданының Таукент ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің Мәдениет, тілдерді дамыты, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 29 бірлік 16 мекемеде анықталған:

-Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -3 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Созақ ауданының Созақ ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Созақ ауданының Шу ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Созақ ауданының Қаракұр ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Созақ ауданының Қаратау ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Созақ ауданының Тасты ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Созақ ауданының Қыземшек ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Созақ ауданының Таукент ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

-Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

2020 жылы атқарылған жұмыстар

Ауданның 2020 жылға арналған бюджетінің көлемі 22 976 564,0 мың теңгеге, оның ішінде өзіндік кірістер 6 842 515,0 мың теңгеге бекітілген.

Жыл ішінде 5 рет нақтылау барысында бюджет көлемі 21 779 425,0 мың теңге болып, есепті кезеңде 1 197 139,0 мың теңгеге ұлғайған.

Негізінен аудан бюджетінің кіріс бөлігінде 2020 жылы жоғары бюджеттен түсетін трансферттер 68,0 пайызды, ал өзіндік кірістер 32,0 пайызды құраған.

Жыл қортындысымен аудан бюджетінің кіріс бөлігі 101,3 пайызға орындалған (жоспар 21 779 425,0 мың теңге, нақты түскені 22 065 587,6 мың теңге).

2020 жылға өзіндік кіріс көздерінің нақтыланған жоспары 6 964 507,0 мың теңгені құраса, нақты түскені 7 250 669,6 мың теңге. Жоспар 104,1 пайызға орындалып немесе 286 162,6 мың теңгеге артық түскен. Жоспар салықтық түсімдердің 4 түрінен орындалмаған.

Жоспардың орындалмау себебі 2020 жылы «Covid-19» пандемиясының салдарынан карантин режимдерінің созылуына байланысты аудандағы уран өндірісімен айналысатын және уран өндірісі айналасындағы сервистік компанияларда мереке, демалыс күндері жұмысқа шығу тоқтатылып, зейнеткерлікке шыққан, басқада себептермен жұмыстан босатылған жұмысшылар мен қызметкерлердің бос орындарына жұмысшылар қабылданбауы жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың жылдық жоспарының орындалуына кері әсерін тигізген.

Бюджет шығындарының игерілуі 2020 жылы 99,9 пайызды құраған. Жоспардағы 22 045 390,0 мың теңгенің 22 020 442,9 мың теңгесі игерілген немесе 24 947,1 мың теңгесі игерілмеген, оның ішінде мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемделген 16 075,7 мың теңге, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттан үнем болған, іссапар шығынынан, өтемақы төлемдерінен үнемделген қаржы 327,9 мың теңге, 100,5 мың теңге банк қызметтері үшін аударылған қаржы есеп шоттардың дұрыс болмауына байланысты кері қайтырылған Құрақұр ауылдық округі Раң елді мекенінің ауыз су құрылысы жүйесінің қабалдауға дейінгі 5 пайызы жұмыс көлемі болмауына байланысты 1010,7 мың теңге атаулы әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілетін әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларын бір реттік киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін 7 432,3 мың теңге қаржылар игерілмеген.

2020 жылы аудан бойынша кредиторлық берешек 31 237,7 мың теңгені құраған, оның ішінде салыстыру актілеріне сәйкес 31 237,7 мың теңге. Кредиторлық берешектің ауқымды көлемі (30 267,7 мың теңге, 96,9%) аудандық білім бөліміне тиесілі.

Дебиторлық берешек 6 775,0 мың теңгені құраған. Қалыптасқан дебиторлық берешекті салыстыру актілеріне сәйкес, коммуналдық шығындар (электр энергиясы, байланыс) 3645,5 теңге, азық түлік өнімдерін сатып алу 3046,9 мың теңге, іс сапар шығындары 82,6 теңге құраған.

Ауданның 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар аудан әкімдігінің қаулысымен бекітіліп мәслихат сессиясына ұсынылып бекітілген.

Негізгі индикаторлар және түпкілікті нәтижелік көрсеткіштерінің орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізілген.

Созақ ауданының коммуналдық меншігінде - 92 заңды тұлғалар тіркелген, оның ішінде: 26 - мемлекеттік мекемелер (ММ), 44- коммуналдық мемлекеттік мекеме (КММ), 19 - мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар (МКҚК), 2 - мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (МКК), 1 - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС).

Созақ ауданы әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік, мүліктік жалға беріліп, аудан бюджетіне 2020 жылға жоспарланған 251,0 мың теңгенің орнына 274,3 мың теңге кіріске алынған немесе 109,3%-ға артық орындалған.

Аудан бюджетіне коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдерінен 76,5 мың теңге түскен.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 140 бабының 2-тармағына сәйкес, «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді» деген, яғни, аудан әкімдігінің 2014 жылғы 15 мамырда «Аудандық коммуналдық кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі туралы» №190 қаулысымен бекітілген.

2021 жылы атқарылған жұмыстар

Аудан бюджетінің кіріс бөлігінің 2021 жылға жоспары 15 580 109,0 мың теңгеге бекітіліп, 16 371 491,0 мың теңгеге нақтыланған, түзетілген бюджет 16 269 153,0 мың теңгені құрап, есепті кезеңде нақты орындалуы 16 336 075,4 мың теңгені құраған немесе 100,4 пайызға орындалған, оның ішінде: өзіндік кірістер жоспары 4 225 109,0 мың теңге болып, нақты орындалуы 4 292 031,4 мың теңгені құрап, 66 922,4 мың теңгеге артық немесе 101,6 пайызға орындалған. Есепті кезеңде салықтық емес түсімдерден Жеке және заңды тұлғалардан ерікті алымдар бойынша жоспары орындалмаған.

Бюджет шығыстары 16 585 478,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты 16 583 327,1 мың теңгесі игерілген немесе 100 пайызға орындалған, бюджет қаражаттарының қалдығы 2 150,9 мың теңгені құраған. Оның ішінде: Шолаққорған ауылдық округі мекемеге компьютер сатып алуға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс жариялап, нәтижесімен 745,0 мың теңге үнем болған. 1 190,0 мың теңге тауарларды жеткізіп берілмеуінен игерілмеген. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын тұрмысы төмен отбасы балаларын мемлекеттік әлеуметтік пакетпен қамту үшін қаралған қаржыдан 16,1 мың теңге үнем болған. 16,0 мың теңге Жеткеншек елді мекеніне трансформатор сатып алудан конкурстан үнем болған. 33,0 мың теңге «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі жолдарға орташа жөндеу жұмыстарынан сатып алудан конкурстан үнем болған. Әкімшілік және мәдениет үйлері құрылыстары келесі жылға өтпелі болуына байланысты қаржы аударылмаған, 150,8 сатып алудан конкурстан үнем болған.

2021 жыл басынан бері аудандық бюджет 4-рет нақтыланып, бюджеттің кірістер бөлігі 689 044,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

2021 жылы аудан бойынша кредиторлық берешек 282,0 мың теңгені құраған. Оның негізгі себебі салыстыру актілері бойынша (коммуналдық қызметтерге ақы төлеу) анықталған берешектер болып отыр. Дебиторлық берешек 1 328,8 мың теңгені құраған.

Ауданның 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі индикаторлар және түпкілікті нәтижелік көрсеткіштерінің орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізілген.

Созақ ауданының коммуналдық меншігінде – 31 заңды тұлғалар тіркелген, оның ішінде: 22 мемлекеттік мекеме, 5 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын, 2 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бар.

Аудан әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік, мүліктік жалға беріліп, аудан бюджетіне 2021 жылға 60,0 мың жоспарланып, 120,3 мың теңге түсім болып, 60,3 мың теңгеге аудандық коммуналдық меншігінде пайдаланылмай бос тұрған алаңдарды жалға беру бойынша қосымша ұсыныс түсу есебінен артығымен орындалған.

Аудан бюджетіне коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдерінен 70,2 мың теңге түсім болған.

2022 жылдың 4 айы атқарылған жұмыстар

Ауданның 2022 жылға арналған бюджетінің көлемі 14 675 576,0 мың теңгеге, оның ішінде өзіндік кірістер 3 823 202,0 мың теңгеге бекітілген.

2022 жылдың 4 айында нақтылау жүргізілмеген.

Негізінен аудан бюджетінің кіріс бөлігінде 2022 жылы жоғары бюджеттен түсетін трансферттер 73,9 пайызды, ал өзіндік кірістер 26,1 пайызды құраған.

Есепті кезеңнің қортындысымен аудан бюджетінің кіріс бөлігі 107,7 пайызға орындалған (жоспар 5 115 600,0 мың теңге, нақты түскені 5 509 043,5 мың теңге).

2022 жылдың 4 айында өзіндік кіріс жоспары 1 093 093,0 мың теңгені құраса, нақты түскені 1 486 536,5 мың теңге болып, жоспар 136,0 пайызға орындалып, 393 443,5 мың теңгеге артық түскен. Есепті кезеңде төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша жоспар орындалмаған.

Жоспардың орындалмау себебі жалдамалы жұмыспен айналысатын шетел азаматтары санының азаюы есебінен.

Бюджет шығындарының игерілуі 2022 жылдың 4 айында 100,0 пайызды құраған. Жоспардағы 5 115 650,0 мың теңгенің 5 114 969,1 мың теңгесі игерілген немесе бюджет қаражаттарының қалдығы 680,9 мың теңгені құраған. Оның ішінде: 74,7 мың теңге атаулы әлеуметтік көмектен үнем болған және 108,9 мың теңге әлеуметтік жұмыс орындарына баратын азаматтардың жалақы есеп шоттары дұрыс болмауына кері қайтарылған. 86,6 мың теңге техникалық қызметтердің есеп шоты дұрыс болмауына байланысты аударылған қаржы кері қайтарылған. Мердігердің жұмыс көлемі туралы актісін өткізбеуіне байланысты 50,0 мың теңге жанар-жағар май материалдарын сатып алуға қаралған қаржыдан игерілмеген. 240,0 мың теңге мемлекеттік қызметкердің жоспарланған іс-сапары кейінге шегерілуіне байланысты қаржы игерілмеген. 120,7 сатып алудан конкурстарынан және әр түрлі шығыстардан үнем болған.

2022 жылдың 3 айында аудан бойынша кредиторлық берешек 1 602,6 мың теңгені және дебиторлық берешек 642,2 мың теңгені құраған.

Ауданның 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі индикаторлар және түпкілікті нәтижелілік көрсеткіштерінің орындалуына тұрақты мониторинг жүргізілген.

Созақ ауданы әкімдігіне қарасты мемлекет меншігіндегі мүліктер жалға беріліп, аудан бюджетіне 2022 жылдың 4 айында 117,8 мың теңге түсім болған.

Аудан бюджетінің кірістерін талдау 2022 жылы кірістердің негізгі үлесін жоғары тұрған бюджеттерден трансферттер-73,9 % құрайтынын көрсетті, бұл ретте қаржаттардың үлесі былайша бөлінген: ағымдағы нысаналы трансферттер -14,7%, дамуға арналған нысаналы трансферттер -14,1%, субвенциялар -71,2%.

Бұл ретте жоғары тұрған бюджеттерден берілетін трансферттердің жыл сайынғы үлесі 2020 жылы 68,0% болса, 2021 жылы -74% (2020 жылы -14 814,9 млн.теңге, 2021 жылы 12 044,0 млн.теңге) болған.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Осы аталған аудиторлық іс-шарасы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша (11 материал) жолданып, аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында ішкі мемлекеттік аудит департаментінен 8 материал бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне "Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас есепші Шардарбекова Лаура Бердібековнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.06.2022 жылғы № 10/1408 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 18.07.2022 жылғы №02-38/3097 санды жауап хатында жоғарыда аталған тармақпен бас есепші Шардарбекова Лаура Бердібековна (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне "Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас маман бухгалтер, бюджетті жобалау және орындау бойынша экономисті лауазымында Сүлиева Гүлнәз Жақсылыққызына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 28.06.2022 жылғы № 10/1412 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 18.07.2022 жылғы №02-38/3101 санды жауап хатында жоғарыда аталған тармақпен бас маман бухгалтер, бюджетті жобалау және орындау бойынша экономисті лауазымында Сүлиева Гүлнәз Жақсылыққызы (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне "Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғасына, бас есепшісі Жанекеева Марина Сушықызына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.06.2022 жылғы №10/1407, 04.07.2022 жылғы №10/1479 санды хаттармен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі

мемлекеттік аудит департаментінің 18.07.2022 жылғы №02-38/3100 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен бас маман есепші лауазымын атқарған Жанекеева Марина Сушықызы (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

4. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне "Созақ ауданының Қыземшек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылықтарға жауапты тұлғасына, яғни бас есепші лауазымын атқарған Тілеубаева Нұрбану Жеңісбекқызына әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 05.07.2022 жылғы №10/1556 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 19.07.2022 жылғы №02-38/3121 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен аталған мекеменің бас есепшісі Тілеубаева Нұрбану Жеңісбекқызы (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

5. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне "Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес, қаржылық бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлға Адыбекова Күлайхан Өтейқызына әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 27.06.2022 жылғы №10/1406 санды хатпен жолданған.

